LG
Life's Good

003

KAZAKH

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУ

ТОҢАЗЫТҚЫШ-МҰЗДАТҚЫШ

Тоңазытқышты қосу алдында, осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және оны болашақта пайдалану үшін сақтап қойыңыз

www.lg.com

МАЗМҰНЫ

ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ...23

ОРНАТУ 29

ЖАБДЫҚТЫҢ СЫЗБАСЫ 30

ПАЙДАЛАНЫМ..... 31

Пайдаланым бастамасы

Температураны реттеу

Мұз өндірісі

Азық-түлікті қалпында сақтайтын қалта

Мұздың еруі

Дезодоратор (қосымша)

Жеміс және көкөністің корабы (қосымша)

АЗЫҚ-ТҮЛІКТЕРДІ САҚТАУҒА АРНАЛҒАН КЕҢЕСТЕР.....34

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫҢ АСІГІН АШЫЛУ ЖАҒЫН ӨЗГЕРТУ (қосымша) 35

Алдын ала жүргізетін сақтықшаралары

Тоңазытқыштың есігінін ашылу бағытын өзгерту


ТАЗАЛАУ 37

ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР.....37

ШАМДЫ АУЫСТЫРУ.....38

МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТУ АҚПАРАТЫ 39

ТЕХНИКАЛЫҚ КӨМЕК ШАҚЫРМАС БҰРЫН 40



ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

НЕГІЗГІ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Осы нұсқаулықта қауіпсіздік туралы көптеген маңызды ескертулер бар. Қауіпсіздік туралы ескертулердің барлығын оқып, оларды әрдайым орындаңыз.

⚠ Бұл сізге немесе басқа адамдарға зиян келтіретін немесе бұйымның зақымдалуына әкелетін қауіптілік жөніндегі хаттарды сақтауды ескертеді мүлікке зиян келтіретін жағдайлардан сізді хабардар етеді. Қауіпсіздік туралы ескертулердің барлығының алдында ескертуші таңба мен қауіп туралы белгі беретін «ЕСКЕРТУ» немесе «АБАЙЛАҢЫЗ» деген сөздер келеді. Бұл сөздер мыналарды білдіреді:

⚠ АБАЙЛАҢЫЗ Егер осы нұсқаулықтарды қатаң түрде сақтамасаңыз жарақат алуыңыз немесе зақымдалуыңыз мүмкін

⚠ ЕСКЕРТУ Тиісті шара қолданылмаған жағдайда кішігірім немесе орташа жарақатқа, не болмаса мүліктің бүлінуіне әкеп соқтыратын қауіпті жағдайдың туындау мүмкіндігін көрсетеді.

Қауіпсіздік туралы ескертулердің барлығында қауіп-қатер түрі анықталып, жарақаттану мүмкіндігін азайту жолдары мен осы нұсқаулардың орындалмауының ықтимал салдары көрсетіледі.


⚠ АБАЙЛАҢЫЗ

Бұйымды пайдалану кезінде өрт шығу, ток соғу немесе кісілердің жарақаттану мүмкіндігін азайту үшін, келесілерді қоса алғанда, негізгі қауіпсіздік шараларын қолданған жөн. Осы құрылғыны пайдаланар алдында нұсқауларды толық оқып шығыңыз.

1. Қуат көзі қосылған кезде


бір тармақтаушыда бірнеше розетканы қолдануға болмайды

- Бір қуат көзіне бірнеше құрылғыны жалғап пайдалану өрт шығуына себепші болуы мүмкін.
- Электр кемуін тоқтатқыш құрылғы тамақты бүлдіріп, ыдыстың ішіндегісі ағып кетуі мүмкін.




Қуат ашасының жоғары қарап қалуына немесе тоңазытқыштың артқы жағында жаншылып қалуына жол бермеңіз.

Бұйымның ішіне су кіріп немесе қуат ашасы зақымданып, өрт шығуына не ток соғуына әкеп соқтыруы мүмкін.



Қуат сымының иілуіне немесе оны ауыр заттың басып қалуына жол бермеңіз.

Бұл қуат сымы зақымданып, өрт шығуына немесе ток соғуына әкеп соқтыруы мүмкін.



Қуат сымын ұзартушы немесе ұзындығын өзгертуші болмаңыз.

Мұның салдарынан қуат сымы немесе басқалар электрмен зақымданып, өрт шығуы не ток соғуы мүмкін.



ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

1. Қуат көзі қосылған кезде


Тоңазытқыштың ішкі шамын тазалау, ұстау немесе ауыстыру кезінде қуат көзін ажыратыңыз.

- Сізді ток соғуы немесе жарақаттануыңыз мүмкін.
- Тоңазытқыштың ішкі шамын ауыстырған кезде, ұяның ішіндегі электр ұшқынының алдын алатын резеңке шеңбердің шығарылмағанына көз жеткізіңіз.




Қуат сымын немесе ашасын сулы қолмен ұстаушы болмаңыз.

- Бұл ток соғуына немесе жарақаттануға әкеп соқтыруы мүмкін.




Қуат ашасындағы су мен шаңды сүртіп, істікшелердің ұштарын мықтап сұғыңыз.

Шаң, су немесе орнықсыз қосылыс өрт шығуына немесе ток соғуына әкеп соқтыруы мүмкін.




Құрылғының жерге қосылуын қамтамасыз етіңіз.

Жерге дұрыс қоспау құрылғының бұзылуына немесе ток соғуына әкеп соқтыруы мүмкін.



Қуат сымы немесе қуат ашасы зақымданған немесе қуат көзінің саңылаулары кеңейіп кеткен жағдайда оларды пайдаланбаңыз.

Бұл ток соғуына немесе қысқаша тұйықталып, өрт шығуына әкеп соқтыруы мүмкін.



2. Тоңазытқышты пайдалану кезінде

Ауыр бұйымдарды немесе қауіпті заттарды (сұйықтығы бар ыдыс) тоңазытқышқа салмаңыз.

Есік ашылған немесе жабылған кезде ол құлап, өрт шығуына немесе ток соғуына әкеп соқтыруы мүмкін.



Мұздатқыштың не салқындату камерасының есігіне немесе ондағы не үй барындағы сөрелеріне асылмаңыз.

Бұл тоңазытқыштың құлауына немесе қолыңыздың жарақаттануына әкеп соқтыруы мүмкін. Әсіресе, балалардың мұны істеуіне жол бермеңіз.



2. Тоңазытқышты пайдалану кезінде


Тоңазытқышты ылғалды жерге немесе су не жауын-шашын шашырайтын жерге орнатпаңыз.

Электр бөлшектерінің оқшаулағыштарының нашарлауы токтың сыртқа шығуына себепші болуы мүмкін.



Тоңазытқыштың жанында немесе ішінде эфир, бензол, спирт, дәрі-дәрмектер, тұрмыстық газ, аэрозоль немесе косметикалық заттарды сақтамаңыз.

Бұл жарылысқа немесе өрт шығуына әкеп соқтыруы мүмкін.




Тоңазытқыштың ішіне ондағы иісті кетіру үшін жағылған шырақ қоймаңыз.

Бұл жарылысқа немесе өрт шығуына әкеп соқтыруы мүмкін.




Тоңазытқыштың ішіне дәрі-дәрмектер немесе оқу құралдарын сақтамаңыз.

Температуралық режимі қатаң ұсталуы тиіс материал сақталған кезде, ол бүлініп немесе күтілмеген реакция беріп, қандай да бір қауіп-қатер тудыруы мүмкін.




Тоңазытқыштың жанында жанғыш аэрозоль қолданбаңыз.

Бұл өрт шығуына себепші болуы мүмкін.



Қыздырғыш құрылғыларды пайдаланудан аулақ болыңыз.

Бұл өрт шығуына себепші болуы мүмкін.




Тоңазытқыштың үстіне гүл вазасы, кесе, косметика, дәрі-дәрмек немесе қандай да бір су толтырылған ыдыс қоймаңыз.

Бұл өрт шығуына, ток соғуына немесе құлап кетіп жарақаттануға әкеп соқтыруы мүмкін.



Тоңазытқышты арнайы мамандардың тексеруінен өтпейінше қолдануға болмайды


Бұл ток соғуына немесе өрт шығуына әкеп соқтыруы мүмкін.



2. Тоңазытқышты пайдалану кезінде


Тоңазытқыштың ішіне немесе сыртына су шашпаңыз немесе оны бензолмен не сұйылтқышпен тазаламаңыз.

Электр бөлшектерінің оқшаулағыштарының нашарлауы ток соғуына немесе өрт шығуына әкеп соқтыруы мүмкін.




Тоңазытқыштан қандай да бір әдеттен тыс иіс немесе түтін сезілген жағдайда оны дереу қуат көзінен ажыратып, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Бұл өрт шығуына себепші болуы мүмкін.




Тоңазытқышты білікті маманнан басқа қандай да бір кісілердің бөлшектеуіне, жөндеуіне немесе түрін өзгертуіне жол бермеңіз.

Бұл жарақаттануға, ток соғуына немесе өрт шығуына әкеп соқтыруы мүмкін.



Тоңазытқышты тұрмыстықтан басқа мақсаттарда (дәрі-дәрмектер сақтау немесе материалдарды сынау, кемеде пайдалану және т.б.) пайдаланбаңыз.

Бұл өрт шығуы, ток соғуы, сақталатын материалдың бүлінуі немесе химиялық реакция сияқты күтілмеген қауіп-қатер тудыруы мүмкін.




Тоңазытқышты тастаған кезде, есіктегі ораулыш заттарды алып тастаңыз.

Бұл балалардың қамалып қалуына себепші болуы мүмкін.



Тоңазытқышты берік әрі тегіс бетті еденге орнатыңыз.


Оны орнықсыз жерге орнатқан жағдайда есікті ашқан кезде тоңазытқыштың құлап, өмірге қауіп төндіруі мүмкін.



2. Тоңазытқышты пайдалану кезінде

Салқын ауа шығатын жерге, қақпаққа, тоңазытқыштың астына, арт жақтағы қызуға төзімді шарбаққа (шығу тесігі) қолыңызды немесе металл зат салмаңыз.

Бұл ток соғуына немесе жарақатқа әкеп соқтыруы мүмкін.



Тоңазытқышты тастаған кезде, қалдықтар жинайтын орталыққа хабарласыңыз.

Үй электр жабдығы немесе жиһаз сияқты үлкен тұрмыстық қалдықты тастаған кезде, жергілікті қалдықтар жинайтын орталыққа хабарласқан дұрыс болады.




⚠ ЕСКЕРТУ

Бұл нұсқауды орындамау жарақаттануға немесе үйдің не жиһаздың бүлінуіне әкеп соқтыруы мүмкін.


Мұздатқыштағы азық-түлікке сулы қолмен тимеңіз.

Қолыңыз үсіп қалуы мүмкін.



Қуат көзіне қайтадан қосқан кезде 5 минут немесе одан да ұзағырақ күте тұрыңыз.

Бұл мұздатқыш жұмысының бұзылуына әкеп соқтыруы мүмкін.



Мұздатқышқа бөтелке қоймаңыз.

Бөтелкедегі сұйықтық қатуы және бөтелке сынып, бір жеріңізді жарақаттауы мүмкін.



Қуат көзінен ажыратқанда, сымнан емес, ашадан ұстап суырыңыз.

Бұл ток соғуына немесе қысқаша тұйықталып, өрт шығуына әкеп соқтыруы мүмкін.



⚠ ЕСКЕРТУ

Бұл нұсқауды орындамау жарақаттануға немесе үйдің не жиһаздың бүлінуіне әкеп соқтыруы мүмкін.

Тоңазытқышты ылғалды жерге немесе су не жауын-шашын шашырайтын жерге орнатпаңыз.

Электр бөлшектерінің оқшаулағыштарының нашарлауы токтың сыртқа шығуына себепші болуы мүмкін.




Тоңазытқыштың астына қолыңызды сұқпаңыз.

Астыңғы жақтағы темір табақта қолыңызды жарақаттауы мүмкін.




Тоңазытқышты тасымалдаған кезде алдыңғы жақтағы астыңғы тұтқа мен артқы жақтағы үстіңгі тұтқадан ұстап көтеріңіз.

Әйтпесе, қолыңыз тайып кетіп, жарақаттануыңыз мүмкін.




Тоңазытқыш есігінің ашылуы немесе жабылуы оның жанындағы кісіні жарақаттауы мүмкін, сондықтан абай болыңыз.

Есік ашылған немесе жабылған кезде есіктің бұрышындағы ашық жерге қол немесе аяқ қыстырылып қалуы мүмкін.



Тоңазытқышқа қандай да бір жануарларды кіргізбеңіз.

Бұл жануардың өліміне әкелуі мүмкін



ОРНАТУ

ОСЫ ТОҢАЗЫТҚЫШ АСА ҰҚЫПТЫЛЫҚПЕН ДАЙЫНДАЛЫП, ОНДА ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ЕҢ СОҢҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ ПАЙДАЛАНЫЛҒАН.

ОНЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУ САПАСЫ МЕН СЕНІМДІЛІГІНЕ ТОЛЫҚ ҚАНАҒАТТАНАТЫНЫҢЫЗҒА СЕНІМДІМІЗ.

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫ ІСКЕ ҚОСАР АЛДЫНДА ОСЫ КІТАПШАНЫ МҰҚИЯТ ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ. ОНДА ОРНАТУ, ЖҰМЫС ІСТЕТУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БОЙЫНША НАҚТЫ НҰСҚАУЛАР, СОНДАЙ-АҚ БІРАЗ ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС БЕРІЛГЕН.


ОРНАТУ

1. Жақсы бір жерді таңдап алыңыз. Тоңазытқышты пайдалануға ыңайлы жерге орналастырыңыз.
2. Қрылғыны жылу көздеріне жақын, күн сәулесі тура түсетін немесе ылғалды жерге қоймаңыз.
3. Тоңазытқыш-мұздатқыштың ішіндегі ауа дұрыс айналуын қамтамасыз ету үшін оның екі жағынан, сондай-ақ үстіңгі жағынан жеткілікті ашық жер және артқы жағынан қабырғаға дейін кемінде 2 дюйм (5 см) ашық жер қалдырыңыз.
4. Дірілдің алдын алу үшін қрылғы орнықты тұруы керек. Егер қажет болса, еденнің кедір-бұдырының орнын толтыру үшін биіктік реттеу бұрандаларын баптаңыз.
   Есіктің ашылып-жабылуы оңай болу үшін алдыңы жағы артқы жағынан кішкене биігірек болуға тиіс.
   Корпусты аздап итеріңкірей отырып биіктік реттеу бұрандаларын оңай баптауға болады.
   Қрылғыны көтеру үшін биіктік реттеу бұрандаларын сағат тілінің бағытына қарай ( ), ал төмендету үшін керісінше ( ) бұраңыз.

СОДАН КЕЙІН

1. Тоңазытқышты түгел тазалап шығып, тасымалдау кезінде жинақталып қалған барлық шаңды сүртіп тастаңыз.
2. Мұз қораптары, т.б. сияқты керек-жарақтарын өздерінің тиісті орындарына орнатыңыз.Тасымалдау кезінде зақымданбау үшін олар бірге буып-түйілген.
3. Қорек сымын (немесе ашасын) розеткаға қосыңыз. Бір розеткаға басқа қрылғылармен бірге қоспаңыз.
4. Азық-түлік сақтар алдында тоңазытқышты қосулы күйінде 2-3 сағат тұрғызып қойыңыз.
   Салқындатудың дұрыстығына көз жеткізу үшін мұздатқыш камерасындағы суық ауа ағынын тексеріңіз. Тоңазытқышты енді пайдалануға болады.

ЖАБДЫҚТЫҢ СЫЗБАСЫ



Ескертпе

• Көрсетілген жинақтың бәрі бірдей әрбір үлгіге сай келмейді.

ПАЙДАЛАНЫМ


ПАЙДАЛАНЫМ БАСТАМАСЫ

Сіздің тоңазытқышыңызды алғаш орнатқан кезде, жаңа піскен немесе қатырылған азық-түлікке толтырмас бұрын, оны қалыпты жұмыс температурасында 2-3 сағат жұмыс істету қажет.
Тоңазытқыш жұмысы бөлінген жағдайда оның қайта қосылуы үшін 5 минут күту қажет.


ТЕМПЕРАТУРАНЫ РЕТТЕУ

❒ ТОҢАЗЫТҚЫШ

Дисплей графигі сіздегі тоңазытқыш түрінен әртүрлі болуы мүмкін.



<A түрі**>**



<B түрі**>**

Тоңазытқыш камерасының температурасын реттеу басқышы әдеттегідей ОРТАША ДЕҢГЕЙ жағдайында орнатылған.

Тоңазытқыш температурасы ТОҢАЗЫТҚЫШ ТЕМПЕРАТУРАСЫН РЕТТЕУ басқыш арқылы реттеледі.

Осы басқышты басқан кезде СВЕТОДИОД жанады.

СВЕТОДИОД МИН-нен МАКС-ке өткенде, камера температурасы көтеріледі.


Сіз минимум мен максимум арасындағы бес (5) жағдайдың қажеттісін таңдай аласыз.

Электр қуатын үнемдеу үшін СВЕТОДИОДті МИН жағдайына орнатыңыз.

	Low	Medium Low	Medium	Medium High	High
Temp. Control **<A** түрі**>**	☼○○○○	☼☼○○○	☼☼☼○○	☼☼☼☼○	☼☼☼☼☼
Temp. Control **<B** түрі**>**	☼ ○ ○	☼ ☼ ○	○ ☼ ○	○ ☼ ☼	○ ○ ☼
AVERAGE TEMP(ºC)*	6	4.5	3	1	-1
ROOM	REFRIGERATOR				

*****_This temperature can change based on the freezer temperature control setting_**.**

❒ МҰЗДАТҚЫШ КАМЕРА



Мұздатқыш камерасының температурасын реттейтін басқышы әдеттегідей ОРТАША ДЕҢГЕЙ жағдайында орнатылған.
Төмен температура орнату үшін реттеуші жағдайына дейін бұраңыз, ал жоғары температура орнату үшін реттейтін тұтқасын МИН жағдайына


ПАЙДАЛАНЫМ

МҰЗ ӨНДІРІСІ


Сізде мұз өндіру жүйесі қандай екенін анықтаңыз.

Қалыпты түрде

- Мұз бөліктерін өндіру үшін мұзқалыпты суға толтырып, мұз бөліктеріне арналған тартпаға қойыңыз. Сонан соң жүз бөліктеріне арналған тартпаны мұздатқыш камерасына салыңыз.



- Мұз бөліктерін шығару үшін мұзқалыпта екі шетінен ұстап, жай ғана төмен қаратыңыз.



Мұз өндіруге арналған айналма жабдық


- Мұз бөліктерін алу үшін мұзқалыпты суға толтырып, оны өз орнына қойыңыз.



- Мұз бөліктерін шығару үшін мұзқалыпта тұтқасынан ұстап, жеңіл айналдырыңыз. Сол кезде мұз бөліктері тартпаға түседі.



- Мұздатқыш камерасын кеңейту үшін мұз өндіруге арналған айналма жабдықты алып тастаса да болады.




- Алдымен мұзқалыптар мен мұз бөліктеріне арналған тартпаны, сонан соң оң жаққа қарай тарта отырып қорапты шығару керек.

ПАЙДАЛАНЫМ

АЗЫҚ-ТҮЛІКТІ ҚАЛПЫНДА САҚТАЙТЫН ҚАЛТА

Есік ашылған кезде жылы ауа Fresh Zone қалтасына әсер ете алмайды. Сондықтан оның ішінде азық-түлікті ұзағырақ бұзбай сақтай аласыз.



МҰЗДЫҢ ЕРУІ


- Мұздық еруі автоматты түрде орын алады.
- Еріген су тоңазытқыштың төменгі артқы бөлігінде орналасқан буландыру тартпасына құйылады да, автоматты түрде буға айналады.

ДЕЗОДОРАТОР (ҚОСЫМША)


- Жағымсыз иістерді жою каталитикалық бейтараптаушының жұмысымен қамтамасыз етіледі.
- Тың азық-түліктерге арналған камерада орналасқан азық-түліктердің жағымсыз иістері сізге және сіздің азық-түліктеріңізге ешқандай кері әсерін тигізбей жойылады.

Қолдану туралы нұсқау


- Каталитикалық бейтараптаушы тың азық-түліктерге арналған камерадағы салқындатқыш ауа құбырында орнатылады; осыдан кейін оны қозғаудың қажеті жоқ.
- Салқындатқыш ауа құбырын қатты заттармен бітемеңіз, ол каталитикалық бейтараптаушыға зақым келтіруі мүмкін.
- Қатты иісі бар тағамды сақтауда оны оралатын материалда немесе қақпағы бар ыдыста сақтаңыз, әйтпесе оның иісі басқа азықтарға сіңіп кетеді.



Каталитикалық бейтараптаушы



ЖЕМІС ЖӘНЕ КӨКӨНІСТІҢ ҚОРАБЫ(қосымша)



Жеміс және көкөністің тез бұзылуына кедергі жасайды
осонымен жеміс және көкөністі көп уақыт сақтауына мүмкіншілік береді

Бұл бөлме жеміс және көкөністің ұзақ уақыт бұзылмай сақталып тұруына мүмкіншілік береді, Өйткені есікті жиі ашып жабу сақтау уақытын қысқартады .

АЗЫҚ-ТҮЛІКТЕРДІ САҚТАУҒА АРНАЛҒАН КЕҢЕСТЕР

АЗЫҚ-ТҮЛІКТІ САҚТАУ

- Жаңа азық-түлікті тоңазытқыш камерасында сақтаңыз. Азық-түліктің қаншалықты мұздатылғаны және ерітілгені оның қалпы мен дәмін сақтау кезінде маңызды фактор болып табылады.
- Банан, ананас және қауын сияқты төмен температурада тез бұзылатын азықтарды сақтамаңыз.
- Сақтар алдында ыстық тамақты суытып алыңыз. Ыстық тамақты тоңазытқышқа қою басқа тамақтардың бұзып, қуаттың аса көп тұтынылуына әкелуі мүмкін!
- Тамақты сақтаған кезде оны винил орауышпен ораңыз немесе қақпағы бар ыдысқа салыңыз. Бұл ылғалдың булануының алдын алып, тамақтың дәмі мен қнарлылығын сақтауға көмектеседі.
- Ауа арналарын азық-түліктермен бөгемеңіз. Салқын ауаның біркелкі таралуы тоңазытқыштың температураларын біркелкі сақтайды.
- Есікті жиі аша бермеңіз. Есік ашылған кезде тоңазытқышқа жылы ауа кіріп, температураны көтеріп жібереді.

МҰЗДАТҚЫШ КАМЕРАСЫ

- Мұздатқыштың ішінде бөтелкелерді сақтамаңыз. Мұз қатқан кезде олар сынып кетуі мүмкін.
- Ерітілген азықты қайтадан мұздатпаңыз. Бұл дәм мен қнарлылықтың жоғалуына себепші болады.
- Балмұздақ сияқты мұздатылған тамақты ұзақ мерзім сақтаған кезде оны есік сөресіне емес, мұздатқыштың өзіне қойыңыз.
- Ауаның айналып жңруі ңшін камера ңабырңасы мен ңнімдердің арасында 15 мм ңалдырылуы ңсыны-15 мм ңалдырылуы
- Мұздату үшін азық-түлік салу - Жаңа азық-түліктерді сақтаған кезде оларды келесідей жағдайда салуға кеңес беріледі:
- Мұздатқыш камераның есігіндегі кәрзеңке (**) (-12 С белгіленген) тоңазытылған өнімдерді қысқа мерзімде сақтауға арналған **(қосымша)**


ТОҢАЗЫТҚЫШ КАМЕРАСЫ

- Ылғалды азықты тоңазытқыш камерасының ең түбінде сақтамаңыз, өйткені олар мұздай ауаның тікелей әсерінен қатып қалуы мүмкін.
- Азықты тоңазытқышқа салмас бұрын оны жуу керек. Көкөністер мен жемістерді жуып, кептіру керек, ал жанында сақтаулы тұрған азықтарды кірлетпес үшін қораптағы азықтардың кірін тазалаған жөн.
- Арнайы сөрелерде жұмыртқаны сақтағанда, оның жаңа екеніне кѓз жеткізіңіз. Оларды тік жағдайда сақтаңыз, бұл оларға ұзағырақ жаңа болып қалуына мүмкіндік береді.

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫҢ АСІГІН АШЫЛУ ЖАҒЫН ӨЗГЕРТУ(қосымша)

- Есікті тоңазытқыштың барлық үлгісінда алмастырып орнатуға болады

АЛДЫН АЛА ЖҮРГІЗЕТІН САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ




1. Тоңазытқыштың есігін басқа жаққа қарап ашылатындай етіп есіктің топсасын ауыстырып орнатар алдында, ішіндегі барлық азық тұлікті, алынып салынантын сөре, табақша сияқты барлық бөлшектері түгелдей алынып қойылуы керек.
2. Болттар мен винттерді бұрау үшін “+” түріндегі отвертка мен айналдыру момнеті шектеулі гайкалық кілттерді, болмаса қәдімгі қарапайым гайкалық кілттерді пайдаланыңыз.
3. Тоңазытқыштың есігінің төменгі топсасын алып немесе салып, болмаса биіктігі өзгермелі сирақты құрастырып жатқанда тоңазытқышты құлатып алмаңыз. Абай болыңыз! Тоңазытқышты еденге жатқызбаңыз, әйтпесе істен шығып қалады.
4. Мұздатқыш пен тоңазытқыш камераларының есіктерін -топсаларын құрастырып тартқанда жерге түсіріп алмаңыз.
   Орнатылатын орынына байланысты, болмаса иесінің қалауына сәйкес тоңазытқыштың есіктерін оңға, болмаса солға ашылатындай етіп орнатуға болады.

ТОҢАЗЫТҚЫШТЫҢ ЕСІГІНІҢ АШЫЛУ БАҒЫТЫН ӨЗГЕРТУ
(есік сол жаққа емес, оң жаққа ашылсын десеңіз)


1 Қақпағын алып ❶, топсаны суырыңыз ❷




2 Мұздатқыш камераның есігін алыңыз ❸



3 Ортаңғы топсаны алып ❹, тоңазытқыш камерасының есігін алыңыз ❺




4 Төменгі топсаны алыңыз ❻




ТОҢАЗЫТҚЫШТЫҢ АСІГІН АШЫЛУ ЖАҒЫН ӨЗГЕРТУ(қосымша)


5 Биіктігі өзгермелі топсаны басқа, қарсы жаққа ауыстырыңыз ❼




6 Төменгі топсаны ❻ басқа қарса жаққа бекітіңіз




7 Қалпақ ❽ пен қапсырма ❾ шегені тоңазытқыш камераның есігінің басқа жағына ауыстырыңыз.




8 Қалпақ ❿ пен ортаңғы топсаны ❹ басқа, қарсы жаққа орнатыңыз.




9 Есіктің тежегіш ⓫ тетігін қарсы жаққа ашылатын есікке сәйкестеп орнатыңыз.




10 Қалпақты ⓬ қарсы жаққа ауыстырып, мұздатқыш камерасының есігін ❸ орнатыңыз.



11 Жоғарғы топсаның бекіту штифтін ⓭ қарсы жаққа ауыстырыңыз.



12 Жоғары топса ❷ мен қақпағын ❶ орнатыңыз.



ТАЗАЛАУ

Тоңазытқыш қашанда таза болу керек; бұл өзге иістердің пайда болуының алдын алады. Төгілген тағамдарды тез арада сүртіп алған жөн, өйткені ол ашып, пластикалық үстемені бүлдіруі мүмкін.

Кез-келген үстемені тазалаған кезде металл щеткаларың, губкаларың, қатты түрпілі тазалағыш заттарын немесе қабыршақтауға негізделген ерітіндісін пайдалануға болмайды.

Ылғалды заттар өте мұздай үстемеге жабысатынын есте ұстаңыз. Мұздай үстемені ылғалды немесе сулы қолыңызбен ұстамаңыз.

СЫРТҚЫ YCTEME – Жұмсақ сабынның жылы ерітіндісін немесе сіздің тоңазытқышыңызды ұзақ уақытқа ұстайтын жууға арналған тазалағыш дауаны пайдаланыңыз. Оны ылғалды таза шүберекпен жуып, соңынан құрғақ етіп сүртіңіз.

ІШКІ YCTEME – Тоңазытқыштың ішкі үстемесін және ішкі бөліктерін жиі жуып тұру қажет. Егер сізде автоматты түрде ерітетін No Frost үлгісі болса, тазалаған кезде екі есігінде ашық қалдырыңыз.

Жүйелі бауды ажыратыңыз, тоңазытқыштан барлық азық-түліктерді, сөрелерді, табандықтарды және т.б. шығарыңыз.Барлық камераны ас содасының ерітіндісімен жуыңыз. Ерітіндіні шайыңыз да, құрғақ етіп сфртіңіз.

ІШКІ БӨЛШЕКТЕР – Сөрелерді, есік сөрелерің, табандықтарды, есіктің магнитті нығыздағышын ас содасының ерітіндісімен немесе жұмсақ тазалағыш дауамен және жылы сумен жуыңыз. Тазалағыш дауаны шайып тастап, құрғақ етіп сүртіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Электр бөлшектеріне (шамдар, басқыштар, басқару құралдары және т.б.) жақын тұрған үстемелерді жұмас бұрын қашанда жүйелі бауды дуалдағы розеткадан ажыратыңыз. Су немесе басқа сұйық тоңазытқыштың электр бөлшектеріне түсіп, ток ұруға әкеліп соқпас үшін, губканың немесе шүберектің көмегімен ылғал қабатын тазалаңыз. Тез тұтанатын немесе уландыратын тазалағыш сұйықтықтарын пайдаланбаңыз.

ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

ДЕМАЛЫС КЕЗІНДЕ

Орташа мерзімді демалыс кезінде тоңазытқышты қосулы күйінде қалдырып кетуді жөн көруіңіз мүмкін. Ұзағырақ сақталуы үшін мұздатылатын заттарды мұздатқышқа салыңыз.Ұзақ уақытқа басқа бір жақа кетуді жоспарлаған жағдайда барлық азық-түліктерді шығарып алып, қорек сымын ажыратыңыз, ішкі жағын мұқият тазалап, иіс түзілуінің алдын алу үшін әрбір есікті АШЫҚ күйінде қалдырыңыз.

ЭЛЕКТР ЖАРЫҒЫ СӨНГЕН КЕЗДЕ

Электр жарығының сөну жағдайларының көпшілігі екі-үш сағатта түзетіледі және тоңазытқыштың температураларына әсер етпейді. Алайда, жарық жоқ кезде есікті ашуды сиреткеніңіз жөн. Электр жарығы ұзағырақ уақыт болмаған кезде мұздатылған орамдардың үстіне құрғақ мұз кесегін қойыңыз.

КӨШКЕН КЕЗДЕ

Тоңазытқыштың ішіндегі барлық бекітілмеген заттарды шығарып тастаңыз немесе мықтап бекітіңіз.
Биіктік реттеу бұрандалары зақымданбас үшін олардың барлығын тоңазытқыштың түбіне қарай бұрап тастаңыз.

КОНДЕНСАТТАЛУДАН САҚТАЙТЫН ҚҰБЫР

Көбінесе орната салысымен тоңазытқыш корпусының сыртқы қабырғасы жылып кетуі мүмкін.
Абыржымаңыз.
Бұл - корпустың сыртқы қабырғасының Tтерлеуінің У алдын алу үшін ыстық ауа айдайтын конденсатталудан сақтайтын құбырдың жұмысы.




Абайлаңыз

Электр тогының соғу қауіпі

Күйіп кеткен электр лампасын ауыстырудан алдын, тоңазытқышты ажыратыңыз немесе автоматты ажыратқыш немесе еріп кететін сақтандырғыш арқылы қуат көзінен ажыратыңыз.

Ескерту: Ажырату күйіне ауыстыру жарық желісін қуат көзінен ажыратпайды.

ШАМДЫ АУЫСТЫРУ



1. Жүйелі бауды розеткадан ажыратыңыз.
2. Тоңазытқыштың сөрелерін алыңыз.
3. Шамдағы қорғағыш қапты алу үшін жалпақ бұрауышты қорғағыш қаптың төменгі бөлігіндегі тесіктердің біріне салып, оны сыртқа суырыңыз.
4. Шамды сағат тіліне қарама-қарсы айналдырыңыз.
5. Жоғарыда істелген істі кері қайталап, шамды орнатыңыз. Екінші шам да шешіп алынған шам сияқты сапаға ие болуы керек.

МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТУЛЕР

ҰЗАРТҚЫШ СЫМ ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ

Егер мүмкін болса, тоңазытқыш немесе басқа тұрмыстық техника шамадан тыс артық жүктеме тудырып, электр қуаты өшіп қалмау үшін тоңазытқыштың өзін жеке электр розеткасына қосыңыз.

ҚОРЕК АШАСЫНЫҢ ЖАҚЫНДЫҒЫ

Тоңазытқыш-мұздатқыш төтенше оқиғалар бола қалған жағдайда қорек ашасы қуат көзінен тез ажыратылу үшін қол жететіндей етіп орналастырылуға тиіс.

ҚОРЕК СЫМЫН АУЫСТЫРУ

Егер қорек сымы зақымданса, қауіпті оқиғалар болмау үшін оны дайындаушы, не оның қызмет көрсетуші агенті, не болмаса сол сияқты білікті тұлға ауыстыруға тиіс.

ЖЕРГЕ ҚОСУ ТУРАЛЫ


Қысқаша тұйықталу орын алған жағдайда жерге қосқыш электр тогын басқа жаққа бұрып әкететін сымның арқасында ток соғу қаупін азайтады.

Ток соғу мүмкіндігін болдырмау үшін бұл құрылғы жерге қосылуы тиіс.

Жерге қосу ашасының дұрыс пайдаланылмауы ток соғуына әкелуі мүмкін. Егер жерге қосу туралы нұсқаулар түсініксіздеу болса немесе құрылғының дұрыс қосылғанына күмәніңіз бар болса, білікті электрикпен немесе қызмет көрсетуші кісімен кеңесіңіз.

норек сымын ззгертуші немесе езартушы болмакыз.

Бұл ток соғуына немесе өрт шығуына себепші болуы мүмкін.



АСА ҚАУІПТІ ҚАҚПАН

Бос тұрған тоңазытқыш балалар үшін аса қауіпті қақпан болуы мүмкін. Оның зияны тимеу үшін пайдаланусыз тұрған құрылғының не тығыздағыштарын, ысырмаларын, қақпақтарын, не болмаса түгелдей есігін шығарып алыңыз немесе басқа шаралар қолданыңыз.

Бұл құрылғы жерге қосылуға тиіс.

КҮТІП ТҰРМА! ҚАЗІР ІСТЕ!

Тоңазытқыштың ішінде жанғыш, жарылғыш немесе химиялық заттар сақтамаңыз.

Ескі бұйымды тастау.

Бұл бұйымның құрамында (жағар май, мұздатқыш) сияқты сұйықтық бар және бұл қайта өңделетін және пайдаланатын бөлшектерден мен материалдардан жасалған.

Барлық маңызды қажетті заттар қалдық материалдарды жинау орталығына жіберілуі тиіс және бұл өңделгеннен кейін қайта пайдаланылады. Кері қайтарып алу үшін жергілікті аненттікке хабарласыңыз.

ЕСКЕРТУ


Аталған құрал физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі немесе тәжірибесі және білімі жеткіліксіз адамдармен сонымен қатар балалармен қолдануға арналмаған, тек қана олардың қауіпсіздігіне жауапты адам құралды қолдану нұсқаулығын берген жағдайда ғана қолдана алады. Балалардың құралмен ойнамауын қадағалау қажет.

ТЕХНИКАЛЫҚ КӨМЕК ШАҚЫРМАСТАН БҰРЫН

КӨП ЖАҒДАЙДА ТЕХНИКАЛЫҚ КӨМЕКТІҢ АЛДЫН АЛУҒА БОЛАДЫ!

ЕГЕР СІЗ ТОҢАЗЫТҚЫШТЫҢ ДҰРЫС ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙ ТҰРҒАНЫН СЕЗСЕҢІЗ, АЛДЫМЕН КЕЛЕСІДЕЙ ЫҚТИМАЛ СЕБЕПТЕРДІ ТЕКСЕРІҢІЗ:

ПРОБЛЕМА	ЫҚТИМАЛ СЕБЕПТЕР
ТОҢАЗЫТҚЫШ ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙ ТҰР	• Сақтандырғыш күйіп кеткен немесе ажыратқыш ажырап қалған жоқ па? • Қорек сымының ашасы қабырғадағы электр розеткасынан суырылып немесе босап қалған жоқ па?
ТОҢАЗЫТҚЫШ НЕМЕСЕ МҰЗДАТҚЫШ КАМЕРАСЫНЫҢ ТЕМПЕРАТУРАСЫ ТЫМ ЖЫЛЫ	• температура басқару құралы тиісті жағдайға қойылмаған. • құрылғы қабырғаға немесе жылу көзіне жақын орналасқан. • Жылы ауа райы - есіктің жиі ашылуы. • Есіктің ұзақ уақыт ашық күйде қалуы. • Тоңазытқышта көп мөлшерде азық-түлік сақтаулы.
ӘДЕТТЕН ТЫС ДЫБЫС(ТАР)	• Тоңазытқыш әлсіз немесе тегіс емес жерге орналасқан немесе биіктік реттегіш бұрандаларды реттеу қажет. • Тоңазытқыштың арт жағына керексіз заттар салынған.
ТОҢАЗЫТҚЫШТА ИІС БАР	• Өткір иісті азық-түліктерді тығыздап жауып немесе орап сақтаған жөн. • Ішкі жағын тазалау қажет.
КОРПУСТЫҢ БЕТІНДЕ ШЫҚ ТҮЗІЛЕДІ	• Жоғары ылғалдылық кезінде қалыпты қбылыс. • Есік ашық қалған болуы мүмкін.



Өздерікіздік ескі аспаптарыкыздан летылу

1. Егер қққ шелегі үстінен сызып тастаған мынандай белгі ө бетінде ккрсетілген болса, онда бұл ө 2002/96/EC Еуропалық нұсқауына кіреді деген сөз.
2. Барлық электірлік және электрондық өнімдер қалалық әкімшілік қоқыс шығару жүйесінен бөлек, үкіметпен немесе жергілікті басқару органдарымен тағайындалған арнайы жинаушы мекеме арқылы тасталуы тиіс.
3. Өңң ескі аспаптарыңыздан дұрыс құтылу адам денсаулығы мен қоршаған айналаға тигізуі мүмкін зиянды ә болғызбауға себін тигізеді.
4. Өңң ескі аспаптарыңыздан қалай құтылу керектігі жөнінде қосымша ақпаратты алу үшін, өздеріңіздің қала әкімшілігімен, қоқыс шығаратын қызмет мекемесімен, немесе осы өнімді сатып алған дүкенмен байланысыңыз.

• Осы тоңазытқышта суытқыш ретінде пайдаланылатын фторлы пәрнек газы туралы ақпарат.

Химиялық атауы	Газдардың құрамы	Барлығы GWP (kg CO_2-eq)
R-134a	100% HFC-134a	1300